

**8-аш (қызмет көрсету) «Ауыл шаруашылығы қызметін көрсететін кәсіпорындардың (ұйымдардың) есебі»
статистикалық нысанын толтыру жөніндегі нұсқаулық
Инструкция по заполнению статистической формы 8-сх (услуги)
«Отчет предприятий (организаций), оказывающих сельскохозяйственные услуги»**

<p align="center">1. Статистикалық байқаудың мақсаты</p> <p>Осы нысанды байқаудың мақсаты көрсетілген ауыл шаруашылық қызметтің көлемі туралы мәлімет жинау.</p> <p align="center">2. Респонденттер тобы</p> <p>Осы нысанды ауыл шаруашылығы және басқа тауар өндірушілерге ауыл шаруашылығы сипатындағы қызметтерді көрсететін барлық кәсіпорындар мен ұйымдар аумақтық статистика органына толтырып табыс етеді.</p> <p align="center">3. Әдіснамалық түсініктемелер</p> <p>1-бөлім ауыл, орман және балық шаруашылығы өнімдерінің (тауарлар мен қызметтер) статистикалық сыныптауышына сәйкес толтырылады. Бұған ауыл шаруашылығы саласындағы қызметтер (ветеринарлық қызметтерден басқа) (01.4 коды), соның ішінде 01.41 – “Сәндік бақтарға, парктер мен зираттарға ағаш отырғызу және өңдеу қызметтерін қоса, өсімдік шаруашылығы саласындағы қызметтер”, 01.41.11.100 А кодынан бастап – “Ашық топырақта егістік өсіру, көкөніс өсіру саласындағы қызметтер, қорғалатын топырақта ауыл шаруашылығы дақылдарын өсіру қызметтері” 01.41.12.900 А кодына дейін – Облыстың сәндік бақтарына, парктері мен зираттарына ағаш отырғызу және күтіп ұстау (өңдеу) қызметтері, сондай-ақ 01.42 – Мал шаруашылығы саласындағы қызметтер (ветеринарлық қызметтерден басқа) 01.42.10.100 А кодынан бастап – Мал өсіру (ірі қара мал) саласындағы қызметтер 01.42.10.990 А кодына дейін – Мал шаруашылығы саласындағы, басқа топтамаларға енгізілмеген қызметтер кіреді.</p> <p>2-бөлімде кәсіпорын жүзеге асыратын немесе көрсететін қызметтің барлық түрлері бойынша (негізгі және қосалқы) өнім (тауар, қызмет) өндіру көлемі, сондай-ақ жұмыскерлердің қызмет түрлері бойынша жалпы саны қызметті қоса атқарушыларсыз көрсетіледі.</p> <p>Деректер бухгалтерлік есепке алу құжаттары негізінде толтырылады, оларда өндірілген өнімнің (жұмыс, қызмет) көлемі мен осы өндіріске тікелей қатысқан қызметкерлер саны бейнеленеді.</p> <p>Қызметкерлердің тізімдік саны - тұрақты қызметкерлердің, адамдардың, шарт бойынша жұмыс істейтіндердің, үлестік жарнашылардың, жұмыс берушілердің және қызметтің көрсетілген түрінде жұмыс істейтін, оған көмектесуші отбасының жұмысқа қабілетті жастағы мүшелерінің саны толтырылады.</p> <p>Қоса қызмет атқарушылар – басқа кәсіпорындарда (ұйымдарда) негізгі жұмыс орны бар адамдар.</p> <p>Шарт бойынша жұмыс істейтіндер - азаматтық-құқықтық сипатта жасалған шарттар бойынша (мердігер шартын қоса) жұмыстарды орындайтын адамдар, егер бұл қызметкерлер басқа ұйымдардың тізімінде болса.</p> <p>Ақы төленбейтін қызметкерлер санына жұмыс берушілер, пайда табуға немесе ақшалай немесе заттай нысанда отбасы табысын алу үшін есепті кезеңде белгілі бір жұмыс орындаған, өз кәсіпорындарында жұмыс істейтін олардың отбасы мүшелерінің саны кіреді. Ақы төленбейтін қызметкерлер еңбек ақы төлеу қорынан қаражат алмайды.</p> <p>Жалдамалы қызметкерлер - ақшалай немесе заттай көріністегі жалақы үшін есепті кезеңде белгілі бір жұмыс орындаған қызметкерлер.</p> <p>Қызметтің барлық түрлері бойынша есепті жылы өнім (жұмыс, қызмет) өндіру көлемі бойынша көрсеткіштер және жұмыс істейтіндер саны толтырылуы қажет. Кәсіпорын қызметінің қосалқы (негізгі емес) түріне негізгі қызметінен басқа, үшінші тұлға үшін өнім (жұмыс, қызмет) өндіру мақсатында жүзеге асырылатын қызмет түрі жатады.</p>	<p align="center">1. Цель статистического наблюдения</p> <p>Целью наблюдения данной формы является сбор данных об объемах оказанных сельскохозяйственных услуг.</p> <p align="center">2. Круг респондентов</p> <p>Указанную форму заполняют и представляют в территориальные статистические органы все предприятия и организации, оказывающие услуги сельскохозяйственного характера сельскохозяйственным и иным товаропроизводителям.</p> <p align="center">3. Методологические пояснения</p> <p>Раздел 1. заполняется в соответствии со статистическим классификатором продукции (товаров и услуг) сельского, лесного и рыбного хозяйства. Включаются услуги в области сельского хозяйства (кроме услуг ветеринарных) (код 01.4), в том числе 01.41 – «Услуги в области растениеводства, включая услуги по посадке и обработке декоративных садов, парков и кладбищ» начиная с кода 01.41.11.100 А - «Услуги в области полеводства, овощеводства открытого грунта и цветоводства, по выращиванию в защищенном грунте культур сельскохозяйственных», до кода 01.41.12.900 А- Услуги по посадке и содержанию (обработке) декоративных садов, парков и кладбищ области», а также 01.42 - Услуги в области животноводства (кроме услуг ветеринарных)» начиная с кода в 01.42.10.100 А - Услуги в области скотоводства (скот крупный рогатый) до 01.42.10.990 А - Услуги в области животноводства, не включенные в другие группировки.</p> <p>Во 2-ом разделе показывается объем производства продукции (товаров, услуг) по всем видам деятельности (основным и не основным), которые осуществляются или оказываются предприятием, а также общая численность занятых по видам деятельности без совместителей.</p> <p>Данные заполняются на основании документов бухгалтерского учета, где отражаются объемы произведенной продукции (работ, услуг) и численность работников непосредственно занятых в этом производстве.</p> <p>Списочная численность работников – численность постоянных работников, лиц, работающих по договору, пайщиков, работодателя и помогающих ему членов семьи в трудоспособном возрасте, занятых в указанном виде деятельности.</p> <p>Совместителями являются лица, имеющие основное место работы на других предприятиях (организациях).</p> <p>Работающие по договору – лица, выполняющие работы по заключенным договорам гражданского – правового характера (включая договор подряда), если эти работники состоят в списках других организаций.</p> <p>Численность неоплачиваемых работников включает работодателей, членов их семей, т.е. работающих на собственных предприятиях, которые за отчетный период выполняли определенную работу для получения прибыли или семейного дохода в денежной или натуральной форме. Неоплачиваемые работники не получают средств из фонда оплаты труда.</p> <p>Наемные работники – работники, которые в отчетном периоде выполняли определенную работу за заработную плату в денежном или натуральном выражении.</p> <p>По всем видам деятельности следует заполнить показатели по объему производства продукции (работ, услуг) и численности занятых за отчетный год. Вторичным (не основным) видом деятельности предприятия является тот вид деятельности, который осуществляется, помимо основного, с целью производства продукции (работ, услуг) для третьих лиц.</p>
--	--